

Түркістан облысы Шардара ауданы
Құрманғазы Сағырбайұлы атындағы жалпы орта мектебі

Өнер фестивалі

Такырыбы:

"Тұлпар мініп, ту алған"

2021-2022 оқу жылы

екітемін:

Мектеп директоры:

 Ж.Нұрымбет

өнер фестивалінің тақырыбы: « **Тұлпар мініп, ту алған** »

өнер фестивалінің мақсаты:

- Жас таланттардың шығармашылық жұмысын қолдау
- Өскелең ұрпақтың әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасау.
- Талантты жастарды сахна төріне шығару.
- Ұлттық мәдениетіміз бен әдебиетімізді насихаттау.
- Дарынды талант иегерлерін анықтау.
- Жасөспірімдердің туған өлкесіне деген сүйіспеншілігін арттыру.

өнер фестивалінің өткізілетін мерзімі: 06.04.2022 жыл сағат: 10:30

өнер фестивалінің өткізілетін орны: Мектеп акт залы.

-жүргізуші: Егемендік еліміздің болашағы

Кімгеде, ойландырмас бала қамы

Білімді ұрпақ еліміздің шам шырағы

Өшпесін мәңгі бақи бала қамы

-жүргізуші: Еркін өссін жастарымыз елімізде

Тәуелді болмай өссін жерімізде

Жастар аман, бақытты болып тұрса

Желбірейді көк байрақ көгімізде

-жүргізуші: Жас өнерпаздардың табиғи дарынын шыңдап, өнерлі балаларды жарыққа шығару мақсатында « **Тұлпар мініп, ту алған** » айдарымен ұйымдастырылған Құрманғазы Сағырбайұлы атындағы жалпы орта мектебінің өнер фестиваліне қош келдіңіздер.

-жүргізуші: « **Тұлпар мініп, ту алған** » өнер фестивалінің қонақтарымен таныстыруға рұқсат етіңіздер.

1. Аудандық балалар саз мектебінің директоры, ұымдастыру және қазылар алқасының төрайымы: Жораева Әсия Баһадүрқызы
2. Аудандық оқушылар үйінің директоры: Жиенбаева Сапаркүл
3. Аудандық балалар саз мектебінің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Әбдиева Толқын Төлепбергенқызы

-жүргізуші: Жүрегін шырақ етіп жандырған кім ?
Жырымен жан сусының қандырған кім ?
Өзіне – өзі орнатып ескерткішті,
Мұра қып кейінгіге қалдырған кім ?

-жүргізуші: Ерте оянып, ойланып ержеткен кім ?
Талабын тас қияға өрлеткен кім ?
Құба жон, құбақан құм қырды
Өлеңнің бесігінде тербеткен кім ?

-жүргізуші: «Қазақстан Отаным менің!»

-жүргізуші: Орындайтын: **Хор.**

-жүргізуші: Егеменді, Байрақты ел,
Бағы жанған қуаты мол, айбатты ел.
30 жылда мойындатқан әлемді,
Жаратқаным, әр қазаққа қайрат бер.
Қазағымның 30 жылдық тойында
Қызыл тілім тоқтамастан сайрап көр.

-жүргізуші: **Алдарыңызда көркем сөз ұжымы**

-жүргізуші: Жамандықтан сақтандырған,
Жақсы істі мақтан қылған,
Білім алған мектебінде
Билерімен шаттандырған - дей келіп биден шашу шашамыз.

-жүргізуші: «Арай» би тобының орындауында « Шаттық» биі.

-жүргізуші: Мен қазақ қыздарына қайран қалам,
Жанары жаны жаздай жайрандаған.
Қыз өссе елдің көркі деген сөзді,
Қапысыз қалай айтқан қайран бабам.

-жүргізуші: Намысын бермеу үшін жатқа қолдан,
Арулар аз болдыма атқа қонған.
Көңілде қалған сыз бар өткен күннен,
Өмірде қалған із бар Ақтабаннан.

-жүргізуші: **Ән: «Тәуелсіз қазақтың қызымын»**

Сөзі: Айсауле Бейсенхан, әні: Ермек Елгезеков

-жүргізуші: Өзіл әуен көгімізде самғайды,
Көңілдерді қуанышқа жалғайды – дей отырып мектебіміздің
« **Көңілді тапқырлар клубының**» мүшелері ұйымдастырған шағын
езу тартарға кезек берейік.

жүргізуші: Асау жүрек жанығып алқынбасын,
Бойына біткен өнер сарқылмасын,
Шынардай шыңға біткен биіктерде
Халқымның күй өнері жарқылдасын.

жүргізуші: Алты алаш ғасыр асып жеттің ғажап,
Тарихы халқымыздың көрген азап
Күй жырыңмен ұрпаққа тәлім бердің
Табынар құдіретіне исі қазақ

жүргізуші: Сахнада «**Үкілі домбыра**» ансамблі.
Нұрғиса Тілендиевтің күйі «**Көш керуен**»

жүргізуші: Қыр гүліндей жайнаймыз,
Ән сап, билеп, ойнаймыз .
Бүгін бізде мереке,
Фестивалді тойлаймыз.

жүргізуші: Тал шыбықтай бойына,
Әдемі көйлек қарасаң.
Бүлдіршіндер әдемі,
Би билесе жарасар.
Ортаға бүлдіршін жұлдыздарымызды шақырамыз.

жүргізуші: Туған жерім – гүл көктем тұнып жатқан,
Байтақ елім, бақытым, ашық аспан.
Дария дәурен жанымды жырға бөлеп,
Анамыздай аялап , нұрын шашқан.

жүргізуші: Кең байтақ, көз жетпейтін жерім менің.
Таулы орман, жасыл жайлау көлім менің.
Бүгінде бар әлемге даңқың жетті.
Тәуелсіз Қазақстан - елім менің.- деген ұранды ұстанған талантты
да, өнерлі « **Шаттық**» триосын қарсы алыңыздар!

жүргізуші: Мөлдір Айтбайдың сөзіне жазылған, Ұшқын Жамалбектің әні «**Отан**»

жүргізуші: Тәуелсіздік – еліміздің баға жетпес байлығы. Тәуелсіздік – әлемдегі ең
құрметті сөз. Қазақстан тәуелсіздіктің бесігінде тербетіліп
жатқанына 30 жыл.

жүргізуші: Осы жолда қолына найза, қылыш ұстамаса да өткір тілі, батыл
«Елім» деп соққан патриот жүрегі бар, білім, ғылым, өнерге
құштар жас ұрпағымыздың санасын оятатын сахналық қойылым.
Бүгінгі ұрпақ кешеге қан майданда ел үшін, жер үшін тер төккен
асыл ерлер мен батырларын ұмытпайды. Мақтан тұтады.

жүргізуші: Бір ата, бір ананың тілегіміз,
Бір болсын қайда жүрсек жүрегіміз.
«Бірлік барда, тірлік бар» – деген бабам,
Бірлік деп бірге соққан жүрегіміз.

жүргізуші: Тілегі бір, жүрегі бір
Достар мен біз біргеміз.-
Туыс барда құрыштан да,
Берік біздің іргеміз.

жүргізуші: Абдіш Ғалымжанның орындауында Ибрагим Ескендердің
әні: **«Біргеміз»**

жүргізуші: Теңіздей тербетіліп көл бетінде,
Бишілер билеп кетті тербетіле.
Ақкудай қалықтаған теңіздегі,
Бишілер өнерлерін көрсетуде.

жүргізуші: Десек те уақытпен жарыспайды,
Қиялға қиялменен қарыштайды.
Бишілер шын жүректен тебіреніп,
Өнерін сайыстарда тек шындайды.

жүргізуші: Алдарыңызда өнер көрсететін **«Балауса»** бишілері.

жүргізуші: Ел – жұртымның бақыты аталатын,
Сөйлесін мәңгі сенің Отан, атың.
Ең қымбатты, Ең Ұлы, Ең аяулым.
Өзіңсің жан Отаным, махаббатым.

жүргізуші: Ән: **«Қазақстаным»** сахна төріне мектебіміздің абыройын асқақтаты
жүрген өнерлі жастарымызды шақырамыз.

жүргізуші: Самғасын бейбіт құсы көгімізде,
Жат елдік тиіспесін жерімізге.
Туымыз желбіресін мәңгілікке,
Ер есімі сақталсын ел есінде.

жүргізуші: Тек сіздерге арнаймыз нәзік үнді,
Жанып тұрған оттаймыз бір жалынды.
Әнші де бар, биші де бар, акын да бар,
Қазақстан жастарымыз дарынды.

жүргізуші: Мына өмір арнасымен ағады,
Өнерлі жас әркез жолын табады.
Сіздерменен бүгін біздер қоштасып,
Биіктерге самғап қанат қағамыз.

жүргізуші: Бүгінгі «Тұлпар мініп, ту алған» айдарымен өткізілген өнер
фестивалін қорытындылау үшін сөз аудандық балалар саз мектебінің
директоры, қазылар алқасының төрайымы Жораева Әсия
Баһадүрқызына беріледі.

жүргізуші: Еліміз тыныш, жұртымыз аман болсын!

жүргізуші: Сау болыңыздар!!!